

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2022 жылғы 28 сәуір

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті депутаттар және отырысқа қатысушылар! Сенаттың кезекті отырысын бастаймыз. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қажетті кворум бар. Сенаттың отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті әріптестер, күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті депутаттар! Күн тәртібіндегі екі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын және оған ілесіп Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне биологиялық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда қарау жөнінде.

Екі заң жобасы бір-бірімен байланысты, сондықтан бас комитет оларды бірге қарауды ұсынып отыр. Қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы мен оған ілесіп Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне биологиялық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы (бірінші оқылым) бойынша бір баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі Ғиният Ажар Ғиниятқызына беріледі.

ҒИНИЯТ А. Қайырлы күн, құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Қазақстанда алғаш рет «Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздігі туралы» Заң жобасы мен ілеспе «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне биологиялық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы әзірленді.

Заң жобаларын әзірлеуді Денсаулық сақтау министрлігі 13 мүдделі мемлекеттік орган, жергілікті атқарушы органдар мен ғылыми-практикалық ұйымдардың, сондай-ақ кәсіпкерлер өкілдерінің белсенді қатысуымен жүзеге асырды.

Заң жобасының негізгі мақсаты биологиялық қауіптерді ерте анықтау, алдын алу және оның профилактикасы болып табылады. Заң жобасында мынадай негізгі биологиялық қауіптер:

1) аса қауіпті инфекциялардың табиғи ошақтары (аса қауіпті инфекциялардың ошақтары ел аумағының жартысында таралған: мысалы, оба 10 облыстың аумағында, туляремия 12 облыстың аумағында, геморрагиялық қызбалар 4 облыстың және Шымкент қаласының аумағында, күйдіргі бойынша 2 мыңдай қолайсыз елді мекен);

2) қауіпті инфекциялардың сырттан әкелінуі (Қазақстанның халықаралық туристік және іскерлік байланыстарды кеңейтуі нәтижесінде жыл сайын тырысқақтың әкеліну жағдайлары тіркеледі – екі-үш жылда Үндістаннан 4 жағдай, денге қызбасы – Таиландтан 3 жағдай, безгек ауруы – тропикалық елдерден 4 жағдай);

3) патогенді биоагенттермен жұмыс істеу кезінде талаптардың бұзылуы;

4) төтенше жағдайлар мен терроризм актілерінің салдарынан жоғары қауіпті көздерге әсер ету;

5) биологиялық қауіпсіздік саласында білікті кадрлардың жетіспеушілігі болып табылады.

Заң жобасы бойынша биологиялық қатерге қарсы іс-қимылдың тиімді жүйесін мынадай бағыттардың шеңберінде құру жоспарлануда.

Бірінші бағыт – стратегиялық жоспарлау, биологиялық қауіпсіздікті болдырмау, биологиялық қауіпсіздік саласындағы басым ғылыми-зерттеу бағыттарын айқындау жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу.

Екінші бағыт – мемлекеттік басқарудың үйлестірілген ведомствоаралық жүйесін құру және оның профилактикалық функциясын күшейту.

Бастысы, уәкілетті орган енгізіледі. Оның негізгі міндеті – биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесі шеңберінде ведомствоаралық өзара іс-қимылды және мемлекеттік органдардың іс-қимылдарының келісілуін қамтамасыз ету, биологиялық қатерлердің алдын алу жөніндегі уақытылы және тиімді шараларды әзірлеу үшін әртүрлі салалардан ақпарат жинау және талдау жүргізу.

Кейбір мемлекеттік органдардың уәкілдік рөлі айқындалды. Мысалы, төтенше жағдайлар кезінде Төтенше жағдайлар министрлігі, терроризмге қарсы іс-шаралар шеңберінде Ұлттық қауіпсіздік комитеті, соғыс жағдайын енгізу кезінде Қорғаныс министрлігі болады. Сонымен қатар 13 мүдделі уәкілетті орган, жергілікті атқарушы орган өкілеттерінің құзыреттері айқындалды.

Профилактикалық функцияны күшейту шеңберінде алдын ала ескертусіз аса қауіпті патогендермен жұмыс істеуге қатысты мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру, сондай-ақ биологиялық қауіпсіздік саласында жедел назар аудару және профилактика шаралары көзделеді.

Үшінші бағыт – бейінді қызметтер мен халықтың ықтимал төтенше жағдайларға дайындығын қамтамасыз ету.

Әрбір ықтимал қауіп үшін биологиялық қауіпсіздік саласында назар аудару хаттамалары, яғни сценарийлері әзірленетін болады, онда мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдар іс-қимылдарының, олардың төтенше жағдайлар кезінде ведомствоаралық өзара іс-қимылының алгоритмдері жасалатын болады.

Аса қауіпті патогендермен жұмыс істеу үшін даярлықтан өткен білікті мамандардан кадр резерві қалыптастырылады, қажет болған жағдайда олар аса қауіпті патогендермен жұмыс істеуге жұмылдырылады.

Патогенді биоагенттермен жұмыс істейтін объектілерді материалдық-техникалық жарақтандыру халықаралық стандарттарға сәйкес келтіріледі.

Ғылыми-техникалық әлеует пен ресурстарды мемлекеттік қолдау шараларын күшейту жоспарлануда:

биологиялық қауіпсіздік саласындағы басым ғылыми-зерттеу бағыттарын айқындау; инфекциялық және паразиттік аурулардың профилактикасы, оларды емдеу және диагностикалау үшін иммундық-биологиялық, дәрілік және диагностикалық препараттарды әзірлеу мен өндірудің ғылыми негіздемесі бойынша талаптарды енгізу.

Пандемия сабақтарын ескере отырып, заң жобасында халықтың хабардар болу деңгейін арттыру және оның қауіпті биофакторларының әсеріне назар аударуға дайындығы жөніндегі шаралар қарастырылған.

COVID-19 тәжірибесі халықтың денсаулығы мен қауіпсіздігін сақтау үшін тіпті көп жылдық дәстүрлер өзгеруі керек екенін көрсеткені мәлім.

Сондай-ақ кадрлық әлеуетті сақтау және нығайту үшін ынталандыру шаралары көзделген. Мемлекеттік ұйымдардың тәуекелге неғұрлым бейім мамандары мен қосалқы персоналына еңбекақы төлеу арттырылады, сауықтыру жөніндегі жәрдемақылар белгіленеді.

Төртінші бағыт – биоагенттердің классификациясы (жіктелімі) мен олармен жұмыс істеуге қойылатын талаптарды біріздендіру.

Алғаш рет заңнамалық деңгейде халықаралық тәжірибені ескере отырып, патогенді биоагенттердің жіктелуі енгізілді. Жіктеу биоагенттері қауіптілік дәрежесіне байланысты 4 топты қамтиды.

Патогендік I топ – өлім-жітім деңгейі жоғары немесе эпидемиялық, эпизоотиялық әлеуеті жоғары, жеке және қоғамдық жоғары сезімталдықпен сипатталатын адамдардың және жануарлардың аса қауіпті инфекциялық ауруларын тудыратын патогендік биологиялық аурулар (оба, шешек, Эбола қызбасы, Аргентина, Боливия, Бразилия сияқты басқа геморрагиялық қызбасы енгізілді).

Патогендік II топ – инфекциялық аурулар (тырысқақ, туляремия, бруцеллез, құтыру, Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы сияқты аурулар енгізілді);

инфекциялық және паразиттік ауруларға осы екі топтан (вирустық гепатиттер, коронавирустық инфекция, сіреспе, ботулизм сияқты аурулар енді).

Патогендік III топ – безгек, көкжөтел, дифтерия сияқты аурулар енді.

Патогендік IV топ – адамның және жануарлардың инфекциялық немесе паразиттік ауруын тудыратын, не эпидемиялық, эпизоотиялық және эпифитотикалық әлеуеті төмен өсімдіктерге зиян келтіруге қабілетті аурулар (қызылша, энтерит, салмонеллез, диарея сияқты аурулар енгізілді).

Осы классификацияны ескере отырып, патогенді биоагенттермен жұмыс істеуге қойылатын жалпы талаптар бір жүйеге келтіріледі, оларға рұқсат енді жұмыс жүргізілетін әрбір объектіге берілетін болады.

Бесінші бағыт – патогенді биоагенттердің айналымы туралы деректерді есепке алу және мониторингтің бірыңғай жүйесін құру.

Біз инфекциялардың пайда болуы мен таралуын болжау арқылы оларға қарсы іс-қимылдың сапалы жаңа деңгейіне өту үшін жағдай жасаймыз. Басты назар салдармен күрестен гөрі тәуекелдерді болжау мен бағалауға ауысады. Мұндай жұмыс биологиялық қатерлердің алғышарттары туралы ақпаратты жедел алуға негізделеді, сондықтан заң жобасы оның орталықтандырылған есепке алу және мониторингті жүргізу жүйесі арқылы жүзеге асырылатын болады.

Алтыншы бағыт – биологиялық қатерлерді басқару және биологиялық қауіптерді болжау жүйесін енгізу.

Жетінші бағыт – микроорганизмдердің ұлттық және жұмыс коллекцияларының қызметін реттеу. Микроорганизмдер коллекциясын жүргізудің жалпы талаптары енгізіледі, ұлттық және жұмыс коллекцияларының мақсаты нақты анықталатын болады. Мұндай коллекциялар микроорганизмдердің сипаттарын зерттеуге, оларды жүйелеуге, олардың теріс әсерін азайту жолдарын жасау үшін өте маңызды.

Негізгі заң жобасы жоғарыда көрсетілген бағыттарды іске асыруға бағытталған 8 тараудан және 32 баптан тұрады, сондай-ақ қолданысқа енгізу үшін алты айлық өтпелі кезеңді және патогенді биоагенттермен жұмыс істеуге рұқсаттарды ресімдеу және қайта ресімдеу үшін қосымша 6 айды көздейді.

Республикалық бюджет комиссиясында заң жобасын іске асыруға бейінді қызметкерлерді әлеуметтік қорғауды, мемлекеттік зертханалардың базасын қосымша жарактандыруды, биологиялық қауіпсіздік саласында бірыңғай мемлекеттік ақпараттық жүйені құруды және жүргізуді, микроорганизмдер коллекциясын ұстауды қоса алғанда 2022 – 2024 жылдарға арналған шамамен 25,5 миллиард теңге мөлшеріндегі шығыстар мақұлданды.

Ілеспе заң жобасы 3 кодекс пен 11 заңды қоса алғанда 14 заңнамалық актіге өзгерістер енгізуді көздейді.

Ілеспе заң жобасы бойынша көзделген бағыттарға келесіде тоқталамын.

Осы баяндамамды қорытындылай келе, ведомствоаралық жұмыс тобында заң жобалары бойынша, әсіресе ғылыми және практикалық қоғамдастықпен үйлесімді және жемісті жұмыс болғанын атап айтқым келеді. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен Сенатының депутаттары мен қызметкерлеріне заң жобаларын

жақсарту үшін ықпалды қарым-қатынаспен енгізілген өзгерістері мен толықтырулары үшін алғысымды білдіремін.

Заңның өзектілігі күмән туғызбайтыны және бұл заң жобаларының шығуы тиісті органдарға ғана емес, бүкіл Қазақстан халқы үшін өте маңызды екені баршамызға белгілі.

Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Слово предоставляется депутату Ершову Сергею Михайловичу.

ЕРШОВ С.М. Спасибо, Маулен Сагатханович.

Уважаемая Ажар Гиниятовна! Основным законопроектом вводится определение уполномоченного органа в области биологической безопасности как государственного органа, осуществляющего не только руководство, но и межотраслевую координацию в этой области (статья 1). Однако в последующих статьях (статья 7) законопроекта данная функция перераспределена между пятью государственными органами, а в отдельной статье 9, которая регламентирует компетенцию уполномоченного органа в области биологической безопасности, отсутствует его обязанность по осуществлению межотраслевой координации.

В этой связи вопросы: какой государственный орган определяется в качестве уполномоченного органа, и главное, не приведет ли предложенный подход в последующем к путанице и безответственности со стороны заинтересованных государственных органов, к которым, к слову, будут отнесены 13 министерств и ведомств? Спасибо.

ГИНИЯТ А. Спасибо, Сергей Михайлович, за вопросы.

Вы правильно отметили, что в статье 7 законопроекта определены только функции уполномоченного органа, а конкретный государственный орган будет определен полномочиями Главы государства и Премьер-Министра в соответствии с конституционными законами. Только в отдельных случаях, как я отметила в докладе, определена координирующая роль, например, Министерства по чрезвычайным ситуациям, если землетрясение привело к угрозе биологических объектов, то уполномоченным органом будет Министерство по чрезвычайным ситуациям, при военном положении – Министерство обороны, при возникновении актов терроризма – Комитет национальной безопасности.

Почему мы говорим, что здесь определенного государственного органа нет, ссылаемся на Указ Президента или постановление Правительства? Это при возникновении биологической угрозы в зависимости от источника, от ситуации, которая возникла, требуются экстренные решения уполномоченного органа. Указом Президента или постановлением Правительства это можно сделать очень быстро. Если вносить в закон о соответствующем государственном органе, это будет очень долго. Поэтому мы такие полномочия здесь... С согласия Министерства юстиции, Администрации Президента такое решение было принято.

Приведу пример по Министерству здравоохранения. В одно время санэпидслужбу передали в Министерство национальной экономики, а все функции в соответствии с законом, Кодексом «О здоровье народа и системе здравоохранения» остались в Министерстве здравоохранения. И данное агентство в течение 3-4 месяцев, пока не внесли изменений в закон, не могло принять ни одного решения.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Сүлеймен Ләззат Жаңылысқызына беріледі.

СҮЛЕЙМЕН Л.Ж. Рақмет, құрметті Төраға.

Құрметті Ажар Ғиниятқызы! Президент Қасым-Жомарт Тоқаев биологиялық қауіпсіздік мәселесін биік мінберлерде бірнеше рет көтерді. Қазір біз әрқайсымыз үшін биологиялық қауіпсіздіктің маңыздылығын, қоғам, билік, мемлекет, әр адам бірлесіп күреспесе нәтиже болмайтынын түсіндік. Айта кету керек, COVID-19 пандемиясының әсіресе алғашқы кезеңінде көптеген түсініксіздіктер, қарама-қайшы ақпарат, емдеу протоколдарының қайта-қайта ауысуы салдарынан халық көп зардап шекті. Бұл қайталанбау керек. Енді бұл маска шешілгеннен кейін ұмытылатын мәселе емес.

1. Пандемиямен күрестен қандай сабақ алдық? Өкілетті органда азаматтарды сақтап қалуға, қауіпті жағдайда оларды сауатты жұмылдыруға заманауи көзқарастар, нақты стратегиялар қалыптасты ма?

2. Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті заң жобасын талқылау шеңберінде халықтың хабардарлығын қамтамасыз ету туралы мәселе қойды. Білесіздер, ол ұзақ талқыланды. Биологиялық қауіпсіздік, биологиялық қатерлер, олардан жұртшылықты қорғау туралы толыққанды ақпараттың болуы «еститін мемлекет» концепциясына сәйкес және жалған ақпарат, алыпқашпа дүрбелеңге де тосқауыл қоятын бірден-бір мәселе. Бұл бағытта қандай шаралар қабылданады?

Жалпы шаралар қабылданады деп айтып кеттіңіз, нақтырақ тоқталып өтуіңізді өтінемін. Рақмет.

ҒИНИЯТ А. Ләззат Жаңылысқызы, сұрағыңызға рақмет.

Негізгі сабақ – қауіптің барлық мүмкін түрлеріне дайын болуымыз керек, бірінші кезеңде қандай да бір қауіп-қатердің болуын болжауымыз керек. Егер қауіп-қатер туындаған жағдайда оны оқшауландыру, онымен күресу және де қауіп-қатердің болған салдарына халыққа көмек ұйымдастыру жағына дайындық, бұл – негізгі сабақ. Сондықтан да заң жобасында барлық мүдделі мемлекеттік органдар қандай да бір биологиялық қатер болғанда бірлесіп шарлар қолдану керектігі, барлық нормалары енгізілді. Соның ішінде сіз айтып кеткен пандемияға байланысты, мысалы, жұқпалы аурулар туралы айтсам, онда осы жұқпалы аурулардың алдын алу жөнінде бірінші болжау – барлық дүниежүзінде болып жатқан жағдайларды немесе Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы арқылы қандай инфекциялық аурулардың көтеріліп жатқанын біліп отыру, оларды анықтап, біздің елімізде қалай өтетіні жөнінде модельдеу, болжау, сонымен қатар оның әрбір инфекциялық ауруларға сценарийлер, бағана айтып кеткен хаттамаларын әзірлеп, алгоритмдерін әзірлеп,

медицина қызметкерлерін, жергілікті атқарушы органдағыларды оқытып, әзірлеу, дайындап ұстау.

Сонымен бірге алдын алу профилактикалық шаралары, оның ішінде вакцинациялау бар, вакцина, дәрі-дәрмектерден резервтер жасау, қамтамасыз ету, оның отандық өнім болуын қолдау, әркімге тәуелді болмай өзіміздің жерімізде шығарылғаны, елімізде болғаны және де білікті кадрлардың резервін дайындау, оларды әзірлеу үшін осы заң жобасында барлық шаралар қабылданған, бюджеттен қолдау тапқан. Кадрлар әзірлеу жөнінде, лабораториялардың жеткіліктігі, оған заманауи құрал-жабдықтарды алу, сонымен қатар лабораториялар салу, диагностикалық вакциналарды жасау үшін ғылыми-зерттеулер жүргізу сияқты шаралар осы заң жобасында қаралған.

Бұл заңды қабылдау біздің алған сабағымыздың бір шешімі деп ойлаймын. Көш жүре түзеледі дейді, барлық жағдай осы заңда қаралмаған да болуы мүмкін, сіздердің көмектеріңізбен бұл заң жақсаратын болады.

ТӨРАҒА. Екінші сұрақ.

ҒИНИЯТ А. Кешіріңіз.

Заң жобасында ақпараттандыру жөнінде бірнеше бап қаралған, халықты хабардар ету мемлекеттік органдарға жүктелген. Соның ішінде бұл тек міндет емес, ол профилактикалық шаралардың бірі деп осы заң жобасындағы бапта айтылған. Заң жобасында сондай-ақ азаматтардың әлеуетті биологиялық тәуекелі, оларды қорғау тәсілдері, қолданылатын шаралар туралы шынайы да уақытылы ақпарат алуға жүгінуге құқықтары бар екені бекітілген. Сондықтан бұл заңда ақпараттандыру жағы қарастырылған. Енді әрбір мүдделі мемлекеттік орган әрбір биологиялық қауіп-қатер бойынша бағана айтып кеткен халыққа қажетті әртүрлі кеңестер, қағидаттарды әзірлеп, осындай жағдай туындайтынын болжаған жағдайларда да заң бойынша жұмыстар жүргізу керек.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Ажар Ғиниятқызы. Орныңызға отырыңыз.

Заң жобалары бойынша қосымша баяндама жасау үшін сөз Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі Әлназарова Ақмарал Шәріпбайқызына беріледі.

ӘЛНАЗАРОВА А.Ш. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы мен «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне биологиялық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасының негізгі бағыттарын Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиниятқызы жан-жақты баяндап берді.

Баршамызға белгілі, COVID-19 коронавирусы инфекциясы елімізде өршіп таралған кезде биологиялық қауіпсіздік саласында жүйелі проблемалар бар екені байқалды. Осы орайда Мемлекет басшысы биологиялық қауіпсіздік жүйесін нығайту, Ұлттық болжау жүйесін құру және ол үшін тиісті заңнамалық базаны айқындау қажеттігі туралы мәселені

көтерді. Үкімет осы тапсырманы іске асыру мақсатында қаралып отырған заң жобаларын әзірледі.

Қазіргі уақытта Қазақстанда биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерін реттейтін дербес заңнамалық база жоқ. Дегенмен мемлекетіміз биоқауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерімен байланысты бірқатар халықаралық міндеттемелерді қабылдап отыр.

Заң жобаларын әзірлеу негізіне биологиялық қауіпсіздік және биологиялық қорғаудың халықаралық стандарттары жатқызылды. Айта кету керек, мұндай заң елімізде алғаш рет қабылданғалы отыр.

Заң жобасының негізгі мақсаты биологиялық қатерлерді ерте анықтау және алдын алу (профилактика) болып табылады.

Заң жобаларында биологиялық қауіпсіздік саласындағы патогенді биологиялық агенттермен айналысатын субъектілерді мемлекеттік бақылаудың тәртібі айқындалады және осы саладағы мемлекеттік органдардың өкілеттері ажыратылып, олардың қызметтерін үйлестіру көзделіп отыр.

Алғаш рет заңнамалық деңгейде биологиялық агенттердің патогендігі мен қауіптілік дәрежесі бойынша жіктеу енгізіліп отыр. Сондай-ақ патогенді және өнеркәсіптік микроорганизмдердің ұлттық және жұмыс коллекцияларының қызметін реттеу қарастырылады. Бүгінгі таңда мұндай коллекциялар денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығы, ғылым салаларында пайдаланылады.

Ішкі және сыртқы бағалаудан тұратын биологиялық қауіптерді басқарудың екі сатылы жүйесі енгізілмек. Сонымен қатар биоқауіпсіздік саласында есепке алу, мониторинг және болжау жүйесі енгізіледі. Мұндай жүйе ведомствоаралық ақпарат пен аса қауіпті патогендермен жұмыс істейтін субъектілердің қызметі туралы деректер негізінде қауіпті жағдайларды модельдеуге және биоқауіпсіздік саласындағы неғұрлым ықтимал қауіптерді болжауға мүмкіндік береді.

Патогенді биологиялық агенттермен заңсыз жұмыс істегені және өткізгені, ұрланғаны үшін, ауыр зардаптарға әкеп соққан айналым қағидаларын бұзғаны үшін қылмыстық жауапкершілік енгізіліп отыр. Дегенмен заң жобасының әлі де жетілдіретін тұстары бар. Мәселен, заң жобаларында уәкілетті органның үйлестіруші функциялары айқындалғанына қарамастан оның нақты қай мемлекеттік орган екені көрсетілмей отыр.

Биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге негізгі уәкілетті органмен бірге 13 орталық мемлекеттік орган және жергілікті атқарушы органдар жұмылдырылады. Сондықтан Үкімет уәкілетті органды жедел анықтап, оның қалыптасуына жан-жақты қолдау көрсетуі тиіс деп есептейміз.

Заң жобалары әлеуметтік-экономикалық салдарға әкеп соқтырмайды.

Жалпы Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінде заң әзірлеуші және мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен жұмыс тобының алты отырысы өтті. Сенаттың тұрақты комитеттері мен Аппаратынан заң жобаларының тұжырымдамасы бойынша ескертулер мен ұсыныстар түскен жоқ.

Құрметті әріптестер, жоғарыда баяндалғанның негізінде Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті Қазақстан Республикасы Конституциясы 61-бабының 4-тармағына сәйкес «Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдауды, сонымен бірге Сенат Регламентінің

58-тармағына сәйкес «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне биологиялық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймыз.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Ақмарал Шәріпбайқызы.

Енді заң жобасын талқылауға көшейік.

Сөз депутат Күрішбаев Ақылбек Қажығұлұлына беріледі.

КҮРІШБАЕВ А.Қ. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Бүгін біз қоғамымыз үшін өте өзекті және қажетті «Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздігі туралы» Заң жобасын талқылаудамыз. Мен бұл заң жобасын қолдаймын.

Қазақстан аса қауіпті инфекциялардың тұрақты табиғи ошақтары бойынша әлемде жетекші орында болғанымен әлі күнге дейін биологиялық қауіпсіздік мәселесіне тиісті деңгейде назар аудармай келгенін мойындауымыз керек.

Аталмыш заңды тек қабылдау бар мәселені шешіп тастамайтынын түсінеміз. Ең маңыздысы – қабылданған нормалардың сапалы орындалуы, онда көзделген мемлекеттік қолдау шараларының уақытылы іске асырылуы.

Жаңа Денсаулық сақтау министрі біраз шараға тоқталды, бірақ бірінші кезекте саланың заманауи кадрлармен қамтамасыз етілуіне басым бағыт берілуі тиіс. Тек ғылыми зертханаларда жұмыс істейтін биологтар ғана емес, сонымен бірге вирусологтар, эпидемиологтар, ветеринарлар, өсімдіктер карантині жөніндегі агрономдармен, яғни аумақтардың қолайлы санитарлық-эпидемиологиялық жағдайын қамтамасыз ететін барлық мамандардың жұмыс сапасын көтеруіміз керек.

Бізге аса қауіпті инфекцияларды уақытылы диагностикалау және оларға қарсы емдік алдын алу препараттарын әзірлеу үшін қазіргі заманғы зерттеу базасын, сондай-ақ биологиялық қауіп-қатерлерді басқару үшін тиімді ақпараттық жүйені ұйымдастыру қажет.

Отандық ғалымдардың әлемдегі санаулы елдермен бірге COVID-19 пандемиясына қарсы QazVac антивирустық препаратын жасап шығаруы қазақстандық биология ғылымының жеткілікті деңгейде дамығанын айқын көрсетті.

Бұл заң жобасында еліміздің ғылыми әлеуетін одан әрі нығайту көзделген.

В связи с возникающими вопросами хотел бы дать пояснения по работе наших биологических лабораторий уровня BSL-3.

Во-первых, они занимаются разработкой диагностических и профилактических препаратов против особо опасных патогенных микроорганизмов второй и третьей групп, то есть особо опасные вирусы первой группы с высоким уровнем смертности (летальности) здесь не выделяются.

Во-вторых, эти лаборатории принадлежат Республике Казахстан и полностью финансируются из республиканского бюджета для решения наших актуальных экономических проблем. Они не получают зарубежных грантов, и здесь не работают иностранные ученые, иначе говоря, в своей деятельности наши лаборатории не подотчетны зарубежным странам.

В-третьих, указанные лаборатории не являются секретными и закрытыми объектами, в отличие от некоторых стран, их работа абсолютно прозрачна и в любое время может быть проинспектирована международными экспертами.

В-четвертых, строительство научных лабораторий BSL-3 велось казахстанскими специалистами под полным контролем Правительства Казахстана. Экспертов США мы привлекали только лишь для того, чтобы быть гарантированными в биобезопасности этих лабораторий с учетом последних достижений науки и передовой практики.

В-пятых, Казахстан является ответственным участником Конвенции о запрещении бактериологического (биологического) и токсинного оружия. Президенту нашей страны Касым-Жомарту Кемелевичу Токаеву принадлежит ряд важных инициатив в этой сфере. В частности, Глава нашего государства предложил учредить подотчетный Совету Безопасности Организации Объединенных Наций специальный многосторонний орган – Международное агентство по биологической безопасности.

И наконец, настоящим законопроектом (статья 4) еще раз подтверждается, что в Казахстане запрещается обращение с патогенными биологическими агентами в целях разработки, производства и накопления запасов бактериологического (биологического) и токсинного оружия.

В этой связи хочу отметить, что заявления зарубежных политиков о том, что указанные лаборатории Казахстана под контролем иностранных государств могут заниматься военно-биологической деятельностью, некорректны и абсолютно безосновательны.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Сафинов Қанатбек Бейсенбекұлына беріледі.

САФИНОВ Қ.Б. Уважаемый Маулен Сагатханулы! Уважаемые коллеги! Рассматриваемый сегодня законопроект отвечает целям обеспечения работы системы биологической безопасности по общепринятым стандартам, его принятие прямо вытекает из Послания Главы государства народу Казахстана прошлого года.

Поддерживая принятие этих законопроектов, я хотел бы обратить внимание на ряд системных проблем, которые мы наблюдаем в ходе рассмотрения законопроектов.

Во-первых, законопроект решает далеко не все актуальные задачи в области биологической безопасности. Пережитая нами пандемия коронавируса поставила вопросы биобезопасности из теоретических в самые жизненно важные, затронувшие всех нас без исключения.

В этих условиях общество вправе ожидать правового решения проблем, которые возникли в период чрезвычайной ситуации. Как мы помним, населением поднимались вопросы правомерности обязательности ношения медицинских масок, физической дистанции при посещении общественных мест, ограничения на свободное передвижение в период пандемии. Часть принимаемых государством мер не воспринималась отдельными группами общества в связи с низкой информированностью о биологической опасности и последствиях патогенных биологических агентов, которые описываются в данном

законопроекте. Однако разработчики оставили открытыми эти актуальные вопросы, ограничившись лишь упоминанием о социальном дистанцировании, неконтролируемом перемещении населения и общих обязанностях граждан в области биологической безопасности.

Считаю, что в условиях построения «Нового Казахстана», реализации принципов «слушающего государства» и активного взаимодействия государства и общества одним из принципов обеспечения биобезопасности, который следовало бы закрепить в законе, должен стать принцип информированности населения.

Практика борьбы с коронавирусной инфекцией показала, что только в условиях полного и своевременного информирования населения о характере распространяемой инфекции, необходимых мерах по ее предотвращению, возможно проведение эффективных мероприятий, и, наоборот, сокрытие информации способно усугубить последствия возникновения биологических угроз, а также создает почву для разных информационных вбросов и слухов.

Во-вторых, хотел бы обратить внимание на определенную нелогичность и непоследовательность законопроекта в части использования разрешительного механизма правового регулирования. Полагаю, что деятельность по обращению с опасными патогенными биологическими агентами должна осуществляться на основе лицензий, то есть разрешений первой категории, а не на основе разрешений второй категории, как указано в законопроекте. Ведь по Закону «О разрешениях и уведомлениях» лицензии вводятся для видов деятельности, связанных с высоким уровнем опасности. Однако в законопроекте вводится лицензирование деятельности по дезинфекции, дезинсекции (борьба с насекомыми), дератизации (борьба с грызунами) в области здравоохранения. Неужели эта коммерческая деятельность по борьбе с грызунами и насекомыми более опасна, чем работа с вирусами смертельно опасных инфекционных заболеваний первой группы, от которых нет лечения и вакцин?!

В-третьих, хочу в целом сказать о качестве и эффективности законопроекта. На проблему качества указывает, в частности, количество внесенных в законопроект поправок в Мажилисе. На 32 статьи основного законопроекта было внесено более 300 поправок! Полагаю, что законопроект злоупотребляет излишне конкретизированными положениями и нормами.

Президент страны в своем Послании в 2020 году указывал на необходимость борьбы с включением в законы детализированных, бюрократических норм. Недавно принятым Указом Президента от 14 апреля «О мерах по дебиюрократизации деятельности государственного аппарата» также продолжена линия на исключение излишней законодательной регламентации деятельности исполнительных органов.

В законопроекте вводятся понятия, не имеющие никакой правовой определенности и даже имеющие чисто технический характер, изложение функций государственных органов отражено в сложной и запутанной форме. Все это противоречит принципу верховенства права, который требует четкого определения норм для исключения двоякого понимания.

С учетом высказанных замечаний считаю, что Правительству необходимо усилить работу над законотворческим процессом и вносить отработанные и эффективные нормы законопроектов. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Төреғалиев Нариман Төреғалиұлына беріледі.

ТӨРЕҒАЛИЕВ Н. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Аталған заң жобалары Қазақстан Республикасында биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік реттеудің құқықтық негіздерін айқындауға, халықты, жануарларды, өсімдіктер мен қоршаған орта объектілерін қауіпті биологиялық факторлардың әсерінен қорғауға бағытталған. Заңды қабылдаудың маңыздылығы жөнінде жаңа министр толық тоқталып өтті, сондықтан мен қайталамай-ақ қояйын.

Қауіпті патогендерді заңсыз ұстағаны, өткізгені және ұрлағаны үшін, сондай-ақ ауыр зардаптарға әкеп соққан, олармен жұмыс істеу қағидаларын бұзғаны үшін қылмыстық жауапкершілікке дейін күшейту көзделген.

Баршамызға мәлім дүниежүзінде коронавирустық инфекцияның өршуіне байланысты ұлттық биоқауіпсіздік мәселесі бірінші орынға шықты. Сондықтан да біз осындай жағдайлардың алдын алуға және басқа да аса қауіпті инфекцияларға қарсы тұруға дайын болуымыз керек. Жалпы, республика аумағында оба, сибір жарасы, туляремия, Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы сияқты аса қауіпті аурулардың ошақтары орналасқан, сонымен қатар Қазақстанда жақын және алыс шетелдермен туризм, экономикалық және іскерлік халықаралық өзара байланыс қарқынды дамуда, осыған байланысты жаңа және экзотикалық инфекциялардың әкеліну қаупі барын да ескеруіміз қажет. Осы себептен аса қауіпті инфекциялардың қоздырғыштарын бөлу, есепке алу және сақтау мәселесі де өте өзекті, олар тұрғындар мен жануарлар арасында тұрақты бақылау мен алдын алуды талап етеді.

Жалпы заң жобаларының қабылдануы биологиялық қатерлерді ерте анықтауға және алдын алуға мүмкіндік береді.

Құрметті әріптестер, заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Назар қойып тыңдағандарыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң жобалары бойынша жеке-жеке шешім қабылдайық.

Алдымен «Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Енді «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне биологиялық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.
Бас комитетке заң жобасын екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.
Сөз депутат Исабаев Бейбіт Өксікбайұлына беріледі.

ИСАБАЕВ Б.Ө. Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! Палата отырысының бүгінгі күн тәртібіне «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне биологиялық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда қарауға енгізуді сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды.

Заң жобасы бүгін екінші оқылымда қаралады.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіне қосымша енгізілген мәселе бойынша комитет отырысын өткізу үшін 10 минутқа үзіліс жариялаймын.

ҮЗІЛІС.

ҮЗІЛІСТЕН КЕЙІН.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар! Тіркеуден өтулеріңізді сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын. Қажетті кворум бар. Жұмысымызды жалғастырайық.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіне қосымша енгізілген «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне биологиялық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда қараймыз.

Сөз сенатор Әлназарова Ақмарал Шәріпбайқызына беріледі.

ӘЛНАЗАРОВА А.Ш. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Қарастырылып отырған ілеспе заң жобасы – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне биологиялық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының 14 заңнамалық актілеріне, оның ішінде 3 кодекске және 11 заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейді.

Заң жобасы елімізде биологиялық қауіпсіздік саласындағы нормативтік базаны құруға бағытталып отыр.

Заң жобасын қабылдау мемлекеттік органдар өкілеттіліктерінің аражігін ажырату, олардың басқарудағы қызметін үйлестіруді жетілдіру және биологиялық қатерлерді болдырмау жолымен биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің ұлттық жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Заң жобасын барлық деңгейде жан-жақты қарау ондағы құқықтық нормалардың негізділігін, бүгінгі күннің қажеттіліктеріне және келешектегі даму міндеттеріне жауап беретіндігін көрсетті.

Құрметті әріптестер, жоғарыда баяндалғанның негізінде Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті Қазақстан Республикасы Конституциясы 61-бабының 4-тармағына сәйкес «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне биологиялық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Ақмарал Шәріпбайқызы.

Құрметті әріптестер, заң жобасын бірінші оқылымда жан-жақты талқыладық. Тағы да талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне биологиялық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Құрметті әріптестер! Қабылданған заңдар Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатымен әзірленді. Бұған дейін елімізде биологиялық қауіпсіздік саласын құқықтық реттеуге арналған арнайы заң болған жоқ.

Алдағы уақытта қабылданған заңдар елімізде биологиялық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік реттеудің құқықтық негіздерін қалыптастыруға, биологиялық қауіп-қатерлерді болжауға және олардың алдын алуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ осы құжаттар биологиялық қауіпсіздік саласындағы іргелі және қолданбалы ғылымды дамытуға өз үлесін қосады деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар! Күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Сөз депутат Орынбеков Бекболат Серікбекұлына беріледі.

ОРЫНБЕКОВ Б.С. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты депутаттарының өңірлерге іссапары аясында 2022 жылғы наурыз айының 18-25 күндері Жамбыл облысының бірқатар проблемалық нысандарын аралап, ауыл тұрғындарымен кездесулер өткізген болатынбыз. Осы орайда Жамбыл ауданы Шайқорық және Тантау ауылының тұрғындары тарапынан Тараз қаласы маңында жиналған фосфогипс қалдықтарының салдары туралы мәселе көтерілді. Атап айтқанда, Жамбыл суперфосфат зауытының базасында құрылған «Қазфосфат» ЖШС «Минералды тыңайтқыштар»

кәсіпорнының 1950 жылы негізі қаланған. Бүгінгі таңда зауыттың өндіру жоспарына сәйкес аммофос, суперфосфат, азықтық трикальцийфосфат және күкірт қышқылы шығарылады.

Аммофос және суперфосфат өндіру кезінде өндірістің ірі тоннажды қалдығы – фосфогипс түзіледі. Оны орналастыру лимиті 2021 жылы 1,3 миллион тоннаны құрады, ал ағымдағы жылы минералды тыңайтқыштар шығару көлемінің екі есе ұлғаюына байланысты орналастыру көлемі жылына 2,7 миллион тоннаны құрайтын болады.

Қазіргі уақытта Тараз қаласындағы екі үйіндіде 14 миллион тоннадан астам фосфогипс жинақталған. Атап айтқанда, Жамбыл ауданының Шайқорық ауылынан 1300 метр жердегі ауданы 25 гектар болатын бірінші үйінді толық белгіге дейін толтырылған. Екінші үйінді айналма автожолдың артында орналасқан, 2013 жылдан бастап пайдаланылады. Жалпы ауданы 28 гектар үйінді төгудің жобалық көлемі 8,7 миллион тоннаны құрайды және мерзімі 2024 жылға дейін.

Бұл үйінділер Тараз қаласы мен Шайқорық, Танты елді мекендерінің маңына жақын орналасуына байланысты адам өміріне және қоршаған ортаға үлкен қауіп төндіріп отыр. Мәселен, дауылды жел көтерілген кезде үйінділерден елді мекендерге қарай шаңды заттардың ұшуы байқалады. Жергілікті тұрғындардың айтуынша фосфогипс салдары ауыл шаруашылығы мен бақша шаруашылығына үлкен зиян келтіріп отыр. Сондай-ақ жақын маңдағы ауылдарда адамдардың тынысы тарылатын кездер де жиі орын алатынын жеткізген еді.

Алайда Тараз қаласынан 20 шақырым қашықтықта орналасқан ауданы 135 гектар үшінші үйінді салу жөніндегі жоба бар, жобалық көлемі 19,1 миллион тонна және пайдалану мерзімі 7 жыл. Жаңа үйіндіні жұмыс істеп тұрған теміржол көлігімен 2025 жылдан бастап пайдалану көзделген. Сонда қала маңындағы орналасқан үйінділерге фосфогипсті төгудің мерзімі тағы екі-үш жылға созылатынын және оның көлемінің күннен-күнге өсіп жатқанын атап өткен жөн.

Осыған байланысты аталған үйінділерге жинауды тоқтатудан бөлек, оның жиналған көлемін азайту бойынша тиісті шаралар қабылдау қажет. Мәселен, фосфогипс ауыл шаруашылығында тұзды және қышқыл топырақты химиялық мелиорациялау үшін қолданылады. Жүргізілген зерттеу нәтижелері жүгерінің өнімділігі 20-30 центр/гектардан өскенін көрсеткен болатын. Бүгінгі күні осы үйінділерден ауыл шаруашылығы саласындағы тұтынушыларға жылына 30 мың тоннаға дейін фосфогипс сатылуда. Жиналған көлемнің жанында бұл көрсеткіш өте төмен болып отырған түсінікті.

Сонымен қатар фосфогипсті жол төсемдерінің негіздерін орнату үшін пайдалану зерттелуде. Осы бағытта «Павлодар-Успенка – Ресей Федерациясы шекарасы» автомобиль жолдарының топырақтарын тұрақтандыру үшін фосфогипс материалын сынау мақсатында тәжірибелік-эксперименттік участік бөлініп, бүгінгі күні зерттеу жұмыстары атқарылып жатыр.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Фосфогипстің үйінділерде жиналуы Тараз қаласы үшін экологиялық проблема болып табылатынын және табиғатты қорғаудың шұғыл шараларына жататынын ескере отырып, қала маңындағы үйінділерге төгуді тоқтатып, оның көлемін азайту бойынша тиісті шаралар қабылдауға ықпал етуіңізді, сондай-ақ белгіленген мерзімде жазбаша жауап беруіңізді сұраймыз.

Депутаттық сауалдың толық мәтіні жазбаша жолданатын болады.

Құрметпен, депутаттар Орынбеков, Нұралиев». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Мамытбеков Еділ Құламқадырұлына беріледі.

МАМЫТБЕКОВ Е.Қ. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті әріптестер! Депутаттық сауал Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Әлихан Асханұлына жіберіледі.

«Уважаемый Алихан Асханович! Наш депутатский запрос касается нового порядка осуществления закупок АО «ФНБ «Самрук–Казына» (далее – Фонд), введенного в действие с 1 апреля 2022 года. Сегодня трудно представить сферу деятельности, которая не вызывала бы столько нареканий на протяжении многих лет.

1 сентября 2020 года в своем Послании «Казахстан в новой реальности: время действий» Президент отметил, что система закупок в национальных компаниях остается непрозрачной и малодоступной для рядовых предпринимателей. Поэтому было поручено принять соответствующие меры.

Во исполнение поручений Главы государства Фонд разработал новый порядок осуществления закупок. Однако бизнес-сообщество и эксперты, проанализировав измененные правила, заявляют, что в реальности Фонд не решил вопросов добросовестной конкуренции и равенства субъектов предпринимательства. Более того, они считают, что новый порядок расширил условия для коррупции.

Надо сказать, что представители малого и среднего бизнеса не первый год и на системной основе стараются довести до Правительства, Национальной палаты «Атамекен», компетентных государственных органов свои проблемы, связанные с ограниченным доступом к закупкам Фонда.

После поручения Президента бизнес ожидал качественных изменений в виде новых демократичных правил в сфере закупок. Но исходя из анализа материалов средств массовой информации, критических оценок экспертов, можно заключить, что практически ничего не поменялось в лучшую сторону. Анонсированные Фондом изменения в части системы закупок оказались косметическими и бутафорскими.

В частности, экспертное сообщество указывает, что «в новых правилах, вступивших в силу 1 апреля 2022 года, из способов закупок исключен закуп в рамках внутрихолдинговой кооперации. Но оказалось, что он никуда не делся, а мягко перешел в способ закупки из одного источника с расширением перечня работ и услуг». То есть «портфельные» организации Фонда сохранили привилегированное положение по отношению к другим предпринимателям. Более того, на указанные организации Фонда не распространяются требования порядка осуществления закупок в части самостоятельного выполнения не менее двух третей объема по выполнению работ и оказания услуг. Данные организации могут просто передать в субподряд стопроцентный объем выполнения работ и оказания услуг, полученный ими из одного источника от Фонда.

Естественно, возникает вопрос: а где, по сути, те изменения, предусматривающие расширение и развитие конкурентной среды?

В этой связи отметим, что в 2021 году закупки внутрихолдинговой кооперации Фонда составили 25 процентов от общего объема закупок. Весь объем закупок Фонда составил 3,4 триллиона тенге. При этом на открытый тендер было выведено только 18 процентов объема закупок, а по итогам мониторинга годовых и долгосрочных планов закупок «портфельных» компаний Фонда на 2020 – 2025 годы стало известно, что закупки по конкурентным позициям планируются также посредством внутрихолдинговой кооперации.

Известный казахстанский экономист Меруерт Махмутова по этой проблеме привела в пример результаты исследований Всемирного Банка. Так, они отметили, что закупки Фонда в три раза превышают госзакупки, а 87 процентов закупок осуществляются неконкурентно.

Считаем, что Фонд еще не уловил изменения политики по отношению к бизнесу за счет государства. Есть убеждение, что Правительство не должно оставлять данный вопрос в нынешнем виде. Иначе мы рискуем окончательно потерять доверие бизнеса, не сможем выстроить конкурентную и прозрачную среду для роста казахстанского предпринимательства в рамках «Нового Казахстана».

Таким образом, Фонд формально подошел к исполнению поручения Главы государства в вопросах исключения кулуарности, непрозрачности, завышения цен и устранения коррупции в вопросах закупок. Принятые нормы нарушают принципы конкуренции и равенства субъектов предпринимательства.

В этой связи предлагаем, если Фонд не хочет добровольно, то сделать принудительно прозрачным вопрос закупок через опубликование полного списка тех счастливиц, осваивающих бюджеты, а также создать компетентную комиссию из числа депутатов и сотрудников Счетного комитета и Агентства по борьбе с коррупцией для сопоставления закупочных цен Фонда с рыночными и сделать соответствующие действия, чтобы прекратить необоснованные закупки из одного источника.

Уважаемый Алихан Асханович, просим рассмотреть запрос и предоставить ответ в письменном виде о принятом решении в установленные законом сроки.

С уважением, депутаты Мамытбеков, Адильбеков, Алдашев, Каниев, Куртаев, Лукпанов, Рысбекова». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, басқа сауалдар жоқ. Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын.

Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

МАЗМҰНЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ

СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2022 жылғы 28 сәуір

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне биологиялық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О биологической безопасности Республики Казахстан», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам биологической безопасности», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан, (первое чтение)

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі

А. ГИНИЯТТЫҢ баяндамасы

Доклад Министра здравоохранения Республики Казахстан ГИНИЯТ А. 2

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ЕРШОВ С.М. 5

СҮЛЕЙМЕН Л.Ж. 6

Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі

А.Ш. ӘЛНАЗАРОВАНЫҢ қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по социально-культурному развитию и науке

АЛЬНАЗАРОВОЙ А.Ш. 7

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

КҮРШБАЕВ А.Қ. 9

САФИНОВ Қ.Б. 10

ТӨРЕҒАЛИЕВ Н. 12

ИСАБАЕВ Б.Ө. 13

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне биологиялық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам биологической безопасности» (второе чтение)

**Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі
А.Ш. ӘЛНАЗАРОВАНЫҢ баяндамасы**

Доклад члена Комитета по социально-культурному развитию и науке
АЛЬНАЗАРОВОЙ А.Ш. 13

Депутат Б.С. ОРЫНБЕКОВТИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ОРЫНБЕКОВА Б.С. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 14

Депутат Е.К. МАМЫТБЕКОВТИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата МАМЫТБЕКОВА Е.К. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 16

ШЖҚ-дағы "Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы" РМК директоры



А. Құсайынов

Стенографиялау қызметінің жетекші редакторы



И. Шыныбаева